



Жантаева Рабиға Балтабайқызы

1955 жылы Лебяжі ауданы, Шарбақты ауылдық кеңесіне қарасты Төс Ағаш ауылында дүниеге келді. Табиғаты мен тіршілігі тұнық ауылда өскен Рабиға Балтабайқызы бала кезінен-ақ білімге құштар, зерек болып қалыптасты.

1962 жылы ауылдағы сегіз жылдық мектептің табалдырығын аттап, оқу-білім жолындағы алғашқы қадамын жасады. 1970–1972 жылдары Шарбақты орта мектебінде білімін жалғастырып, толық орта білім алды. Жастық шағының алғашқы кезеңінде, 1972–1977 жылдар аралығында, түрлі еңбек салаларында қызмет атқарып, өмір тәжірибесін жинақтады.

1978 жылы Семей қаласындағы Н. К. Крупская атындағы педагогикалық институтқа оқуға түсіп, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын меңгерді. Ұстаздық жолды саналы түрде таңдаған ол аталған оқу орнын табысты тәмамдап, қолына ардақты дипломын алды.

Еңбек жолын 1978 жылы Төс Ағаш ауылдық мектебінде бастап, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге кірісті.

1979 жылы Шоқтал ауылындағы Амангелді Иманов атындағы орта мектепте қызметін жалғастырды.

Ал 1984 жылдан бастап Шарбақты орта мектебінде еңбек жолын жалғастырып, осы білім ордасында 26 жыл бойы табанды да адал қызмет атқарып, 2010 жылға дейін жас ұрпаққа сапалы білім мен өнегелі тәрбие берді.

Ұстаздық жолында Рабиға Балтабайқызы шәкірттерінің білімді, тілге жүйрік, рухани бай болып қалыптасуына ерекше көңіл бөлді. Оның жетекшілігімен оқушылар әдебиет оқуларында жоғары нәтижелер көрсетіп, ҰБТ-да да жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді. 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсіріп, барлығын өмір жолына қияға қондырған ардақты ана. Бүгінгі күні әулетінің шаттығы болып 1 немере, 5 жиеннің қызығын көріп отырған аяулы әже.

Рабиға Балтабайқызының өмір жолы — қазақ тілі мен әдебиетіне деген сүйіспеншіліктің, ұстаздыққа адалдықтың, жас ұрпаққа қалдырған рухани мұраның жарқын көрінісі.